



"TayChem" ЖШС экологиялық саясаты

Қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып,

"TayChem" ЖШС өз қызметінің басымдықтары ретінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді айқындайды және өзіне мынадай міндеттемелерді алады:


- Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылатын нормалары мен талаптарын, халықаралық стандарттар мен келісімдерді, МЕМСТ Р ИСО 14001(ISO 14001), "TayChem" ЖШС Ішкі мінез-құлық қағидаларын сақтау;
- Көрсетілген нормалар мен ережелерді серіктестерімізге жеткізу және оларға қоршаған ортаны қорғау ережелерін ұстануға кеңес беру;
- табиғатты қорғау қызметін де, экологиялық менеджмент жүйесін де тұрақты жақсартуды қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер етудің алдын алуды/азайтуды қамтамасыз ету;
- жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қоршаған ортаның ластануын азайту мақсатында қалдықтары аз және қалдықсыз технологияларды енгізу;
- зиянды заттардың авариялық шығарындыларының алдын алу және жою, сондай-ақ ластану салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- табиғи ресурстарды үнемдеуді жүзеге асыру;
- "TayChem" ЖШС-де қоршаған ортаның жай-күйін, сондай-ақ әлсіз жерлерді анықтау, қажетті шараларды жүзеге асыру және қол жеткізілген табыстарды құжаттау үшін қажетті техникалық және ұйымдастырушылық рәсімдерді үнемі бағалауды жүзеге асыру;
- қалдықтарды "TayChem" ЖШС аумағынан осындай қалдықтарды жинайтын мамандандырылған орындарға уақтылы шығаруды қамтамасыз ету;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, немесе зиян келтіретін авариялық шығарындылар туралы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына ақпаратты беру.
- "TayChem" ЖШС әрбір қызметкерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін түсінуіне ықпал ету;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы персоналдың құзыреттілігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;
- экологиялық саясатты іске асыру жөніндегі қызметке барлық қызметкерлерді тарту үшін ұжымда шығармашылық жағдай жасау;
- кең профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін барлық күш-жігерді жұмсау.

"TayChem" ЖШС басшылығы қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үнемі жақсартуға және бұл үшін қажетті ресурстарды бөлуге, шешімдер қабылдау кезінде экологиялық саясатқа сәйкес әрекет етуге міндеттенеді.

"TayChem" ЖШС басшылығы экологиялық саясатты қатаң ұстануға ниетті және оған әрбір қызметкерді шақырады.

"TayChem" ЖШС директоры

Саясаттың қабылданған күні 31.10.2022 ж.



Б.И. Байбусинов